

Жаңа бағдарлама - жаңа мүмкіндіктер

Қазақстан ресми түрде Болон Декларациясына қосылып, жоғары білім берудің еуропалық аймағының қырық жетінші және еуропалық білім беру кеңестігінің толық құқылы мүшесі ретінде алғашқы болып танылған Орталық Азия мемлекеті болды. Қазақстан Республикасында педагог кадрларды дайындайтын жоғары оқу орындарының бірегейі - Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты. Аталған жоғары оқу орны қазіргі таңда 24 білім бағдарламасы бойынша мамандар дайындайды.

Білім беру жүйесіндегі елеулі өзгерістер институттың білім беру саласында да орын алуда. Атап айтсақ, осы уақытқа дейін 19 білім бағдарламасы бойынша мамандар дайындалса, қазіргі таңда 24 білім бағдарламасы бойынша мамандар даярлау жүзеге асырылуда.

Өңірдің әлеуметтік жағдайын ескеру мақсатында Математика және Физика, Физика және информатика, Математика және информатика, Биология және химия, География және тарих бағытындағы қосар-

ланған мамандықтар негізінде білім бағдарламаларына абитуриент қабылдануда.

Білім бағдарламалары еңбек нарығындағы сұраныстарды қанағаттандыру мақсатында құрастырылады. Бағдарламаларды құрастыруда қаламыздың білім беру мәдениетінен келіп түскен талап ескеріліп, жұмыс берушілердің ұсыныстары, еңбек нарығының сұранысы, білім беру жүйесіндегі өзгерістер негізінде жасалады.

Болон процесіндегі елеулі өзгерістер негізінде мектеп бітіруші түлек және ата-ана білім беру бағдарламалары реестрінен жоғары сұранысқа ие болатын, мақсаты айқындалған, алдағы міндеттері анықталған, өзіне ұнаған, өзінің бейімділігіне сәйкес бағдарламаны, ЖОО таңдау құқығына ие болады. Анықтап айтқанда, таланткер оқуға түспес бұрын алдағы 4 жылда қандай пәндер оқитындағын, мамандықты менгеру барысында қандай күзреттіліктерге ие болатынын Болон процесі орталығы мен академиялық үткірлік бағдарламасы сайтынан білім беру бағдарламалары реестрінен таңдауға ие болады.

Сонымен қатар 2020 жылдан бастап институтта студенттердің жеке оқу траекториясын құру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында негізгі және қосымша траекториялы білім бағдарламаларын оқу үрдісіне енгізу жоспарлануда. Ол дегеніміз - мектеп бітіруші түлек өзінің білім алу траектория-

сын жеке құрастыра алуы. Мысалы, Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау бағытында Физика білім бағдарламасы таңдалса, Физика және информатика немесе Физика негізгі траектория, ал қосымша траектория бойынша химия, биология, ағылшын тілі ағни студенттің бойындағы ерекше қабілетіне сай келесі білім бағдарламасын таңдай алады. 4 жыл білім алып маман атанғаннан кейін физика пәнінің мұғалімі (негізгі траектория) және қосымша траектория - химия, биология, ағылшын тілінен сабақ беру құқығына ие болады. Жоғарыдағы мүмкіндіктер Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында жасалған. Еңбек нарығындағы сұраныстарды қамтамасыз ету мақсатында биылғы жылдан жаңадан «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі және педагог-психолог», «Биология және география» білім бағдарламалары бойынша қабылдау жүргізу жоспарлануда.

Қазіргі таңда жастарға жасалып жатқан мүмкіндіктер мол. Елімізді көркейтуде үлес қосар жас мамандардың мамандық таңдауда қателеспей, өз жолын таңдап білгені - берілген мүмкіндіктерді дұрыс пайдаландың жарқын көрінісі.

С. ЖҰМБАЕВА,
Академиялық
бағдарламалар және
әдістемелік офисы
жетекшісі.